



АЙМАҚ/2

Ережені ескермейтіндер бар



МЕДИЦИНА/3

Ұрпақ жалғастығының алтын көпірі



ТАРИХ/6

Бебе жемісінен басталған бүлік



СОҒЫ БЕТ/8

Түлектердің туған жерге тартуы

САММИТ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Бішкек қаласында өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Ресми қарсы алу рәсімінен кейін Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының шағын және кеңейтілген құрамдағы отырысы өтті.



# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

15 маусым /СЕНБІ / 2019 ЖЫЛ



№87-88 (19765-19766)

## ШЫҰ: Өзара ынтымақтастықтың жаңа өрісі

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының Президенті Сооронбай Жээнбековке жылы қарсы алғаны және саммитке жоғары деңгейде дайындалғаны үшін ризашылық білдіріп, саммитте қабылданған шешімдер мен кол қойылған құжаттар елдер арасындағы кооперацияны нығайтуға септігін тигізетініне сенімді екенін айтты.

Мемлекет басшысы халықаралық қатынастар жүйесінің трансформациясы көпжақты бірлестіктер қызметтерінің мейлінше теңестірілген және айқын қағидаттарын жасау қажеттігін көрсететініне тоқталып, осыған байланысты өзінің пікіріне сәйкес ШЫҰ-ның басты міндеттерін атап өтті.

Біріншіден, ШЫҰ кеңістігінде өзара сенімді, қауіпсіздік пен ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында конструктивті диалог пен өзара іс-қимылдарды нығайту маңызды болып қала беруді тиіс. Осыған байланысты, ШЫҰ стратегиясы шеңберінде 2018-2022 жылдарға арналған іс-қимылдар жоспарын, Ұзақ мерзімді тату көршілік туралы келісімді, достық пен ынтымақтастықты толыққанды жүзеге асыру керек, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Үш диалог» жөніндегі бастамасының дер



кезінде айтылғанын және осы ретте Еуразиялық экономикалық одақ, Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің ассоциациясы, БРИКС (Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай, Оңтүстік Африка Республикасы) және Еуропалық одақ сияқты Еуразияның көпжақты негізгі құрылымдарымен

толыққанды қарым-қатынасты орнататын кеңейту арқылы Ұйымның халықаралық бәсекеге қабілетін арттыру қажеттігін атап өтті. – Экономикалық өсім баяулаған әрі әлемдік нарықтағы қаржылық тұрақсыздық жағдайында Шанхай ынтымақтастық ұйымының зор

әлеуетін бұдан да тиімді пайдалану қажет. Оған сегіз жақты Еуразиялық қаржылық кеңесшілік механизмін құру септігін тигізеді деп есептейміз. Бүгін Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хатшылығы мен «Астана» халықаралық қаржы орталығы арасында кол қойылған Меморан-

дум ШЫҰ елдерінің қаржы жүйесін дамытуда АХКО-ның бірегей инновациялық әлеуетін пайдалануға мүмкіндік береді, – деді Мемлекет басшысы. Қазақстан Президенті отырысқа қатысушылардың назарын аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз

ету мәселелеріне аударды. Оның пікірінше, сәуір айында ШЫҰ-ға әрі әріптес-ел – Шри-Ланкада болған лаңкестік оқиға Қазақстанның Біріккен ұлттар ұйымы аясында Жаһандық лаңкестікке қарсы коалиция құру туралы бастамасының қажеттілігін дәлелдеді.

– Сондай-ақ, лаңкестік мәселесі жаһандық желіде көрініс берді, сондықтан, киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету де күшейту қажет етеді. ШЫҰ ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі Орталығын құру Ұйымының ақпараттық кеңістігін қорғау ісіне қосқан маңызды үлес болар еді. Тәжірибесі мен өзіндік ерекшелігін ескерсек, бұл мәселені реттеуге ШЫҰ-ның лаңкестікке қарсы аймақтық құрылымы қауқарлы, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы климаттың өзгеруі мен қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне жеке тоқталып, осы саладағы ынтымақтастық үшін тұрақты жұмыс істейтін платформа құруды ұсынды.

Қазақстан Президенті сөзінің соңында бітімгерлік қызмет еліміздің халықаралық және аймақтық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі сыртқы саясатының ажырамас бөлігі екенін айтып, ШЫҰ-дағы әріптестерге БҰҰ аясындағы Қазақстанның бітімгерлік бойынша бастамаларын қолдағаны үшін ризашылығын білдірді.

## Көрме көпке серпіліс берді



Елбасы кітапханасы ұсынған «Н. Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» атты көшелі қор көрмесін облысымызда екі айда 130 мыңнан аса адам тамашалады. Келушілер арасында шетелдіктер де болды. Олар көрменің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын айтты. Аймақтың мәдени өміріне ерекше серпіліс берген көрменің жабылу рәсіміне өңір басшысы Қырымбек Көшербаев, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының директоры Әмірхан Рахымжанов, қала тұрғындары мен студенттер, сондай-ақ зиялы қауым өкілдері мен мәдениет саласының қызметкерлері қатысты.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

Облыстық тарихи-өлкетану мұражайында өткен шаранда аймақ басшысы Елбасының ерен еңбегін жан-жақты көрсету мақсатында ұйымдастырылған көрменің табысты аяқталғанын жеткізді. Оны қызылордалықтар өміріндегі белесті сөт деп атады. – Ел егемендігінің алтын тінін, жеңісін даралап, тарихымыздың асыл мұраларын өскелең ұрпақтың жүрегіне жеткізетін көшпелі көрменің қасиетті Сыр өңірінде болуы біз үшін үлкен мәртебе. Елі мен жерін сүйетін асыл азаматты халқы да мақтан етеді.

8-бет.

## МЕРЕЙ Үздіктерге баспана сертификаты

Маусым айының үшінші жексенбісі – медицина қызметкерлерінің күні. Бұл бар ғұмырын ел саулығын сақтауға арнаған ақ халатты абзал жандардың еңбектері еленетін күні. Айтулы мереке қарсаңында облыстық үздік дәрігерлері марапатталды. Шарға аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев, сала ардагерлері қатысты.

Шынар БЕКБАН.

Адамзат баласы үшін әрбір мамандықтың маңызы зор. Өйтсе де адам өміріне аранша түсетін дәрігерлердің еңбегі ерен. Бүгінде осы салаға барынша назар аударылып келеді. Аймақ медицинасына бөлінетін қаржы көлемі артып, дәрігерлер білімі мен біліктілігін жетілдіруге айрықша мән берілуде. Өңір басшысының орынбасары Руслан Рүстемов сала қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтады.

– Халқымыз қашаннан денсаулықты бірінші байлық қатарына қойған. Иә, біздің әрқайсымыз үшін өзіміздің және жақындарымыздың денсаулығын бағалы құндылық жоқ. «Үлт денсаулығы – кемел болашағымыздың негізі» деп Елбасымыз айтқандай, халқымыздың денсаулығын жақсарту еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі болып саналады. Елімізде медицина саласын дамыту, тұрғындарға қолжетімді және сапалы қызмет көрсету жолында барлық мүмкіндіктер жасалуда. Облыста 23 стационарлық, 19 амбулаториялық емханалық ұйымдар халыққа қызмет көрсетеді. Салада 17 мыңға жуық қызметкер жұмыс жасайды. Осы саланың дамуына сіздердің де кәсіби біліктіліктіңіз, қызметке деген адал сенімдеріңіз жол ашып келеді. Жауапты саладағы еңбектеріңіз еленип, беделдеріңіз арта берсін, – деді ол.



Суретті түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ.

Облыстың үздік дәрігерлері «Құрмет» грамоталарымен және «Алғыс хаттармен», сондай-ақ «Денсаулық сақтау саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» және «Денсаулық сақтау ісін үздігі» төсбелгілерімен марапатталды.

Сонымен қатар, «Сенім денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалы атынан «7-20-25 тұрғын үй кредиттеу» бағдарламасы аясында 2 дәрігерге 1 млн теңге көлемінде, 3 дәрігерге 500 мың теңге көлемінде «тұрғын үй» сертификаты табыс-талды.

Аймақта денсаулық саласының қаржысы бір жылдың өзінде 7,2 процентке, соның ішінде материалдық-техникалық базасын арттыруға бөлінген қаржы 20,2 процентке өсіп отыр. Денсаулық сақтау ұйымдары заманауи медициналық техникамен жабдықтау 2016-2019 жылда 34,9 %-ке өсіп, қамту 79,26 %-ті құрап отыр. Соңғы 2 жылдың өзінде 25 медициналық нысан қолданысқа берілсе, 17 нысан салынып жатыр. Жаңадан Арал, Қазалы аудандық ауруханалары бой көтеріп, Шиеді, Жалағаш аудандық орталық ауруханасының құрылысы жүргізілуде.

## Қарапайым заттар экономикасы: Біздің аймақ алдыңғы қатарда



Аймақ басшысы Қырымбек Көшербаевтың торағалығымен жергілікті қамтуды бақылау жөніндегі комиссия отырысы болып өтті.

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА.

Комиссия жұмысы басталмас бұрын қадрлық тағайындау таныстырылды. «Қазак инвест» АҚ-ның өңірлік директоры болып Рүстем Тойынбекұлы тағайындалды. Өңдеу өнеркәсібі саласында импорт алмастырушы кәсіпорындар үлесін арттыру және ішкі нарықты оғандық тауарлармен толықтыру мақсатында «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы жүзеге асуда. Бағдарламаны нәтижелі жүзеге асыру мақсатында Үкіметтің арнайы қаулысы қабылданып, өнеркәсіп өнімін шығаратын кәсіпорындарға жеңілдетілген шарттармен 600 млрд теңге бөлініп, қаржыландыру басталды.

2-бет.

Оңтүстіктен келген олжа жағалаудағы көкөніс базарының көркін ашып тұр. Шардар мен Жетісайдың сары әңгелегі мен қарбызы саудаға түсті.

Дәулет ҚЫРДАН.

## Сырға қауын-қарбыз келді

Шәрқұл апай жағалаудағы осы базар ашылғалы бері отбасының нопақасын саудадан айырып келеді. Тұрақты алушылар да қалыптасып қалған. Жер-Ананың сыйынан ертерек дәм татқысы келгендер арнайылап хабарласып, алып кететін көрінеді.

– Әлпек күндері қымбат болғаны рас. Күннен-күнге бағаны түсіріп келе жатырмыз. Қарбыздың келісі 150 теңгеден. Әңгелек көлеміне қарай 50 теңгеден 100 теңгеге дейін сатылып жатыр. Ал қауындар 400-800 теңге аралығында. Ол да көлеміне байланысты, – дейді ол.

Көп ұзамай облыстың оңтүстік аудандарында қауын-қарбыз пісе бастайды. Өзірге Сырдағы ағайын көрші облыстың көкөністерінің дәмін көріп жүр.

– Шиеді мен Жаңақорғанның келеді. Оған да сәл қалды. Жайылманың қарбызына сұраныс жоғары. Басқалары да қалып қалған жоқ. Тамылжыған тамызда Іңкәрдария мен Айдарлының өнімі жетеді. Жергілікті қауын-қарбыздың дәмі бөлек, – деді Шәрқұл апай.

Әзімбек Қожанов та тұрақты клиенттердің бірі. Ол мұндағы қауын-қарбыздың тұр-түрінен көптеп көлігіне салып алды. Айтуынша, таза, сапалы әрі табиғи өнімнен артығы жоқ.

– Қауын-қарбыз базарға түсе салысымен көпшілік алуға қорқады. Бірақ табиғи өскен өнімнен келетін қауіп жоқ, – деді ол.





## Қарапайым заттар экономикасы: Біздің аймақ алдыңғы қатарда

– Биылғы 13 маусымдағы жағдай бойынша жобалық кеңсе жұмысында жалпы құны 12,5 млрд теңгені құрайтын 114 жоба қамтылды. Оның ішінде құны 801 млн теңге болатын 8 жобаны банктер мақұлдады. Құны 2,0 млрд теңгені құрайтын 21 жоба өтінімі қаралуда. Республика бойынша жобалық кеңседе қамтылған жобалардың саны жағынан облыс екінші орында, – деген аймақ басшысы алдағы уақытта бұл көрсеткіштен де жоғары деңгейде жұмыс істеу қажеттігін атап айтты.

Бұл орайда аудан әкімдері мен тиісті сала басшылары белсенділік танытуы тиіс. Бағдарламаны жүзеге асыру барысы жайлы әр апта сайын тиісті сала басшылары есеп беріп, мәселені талқылап отыруы қажеттігі аймақ басшысы тарапынан тапсырма ретінде айтылды. Сонымен қатар, бұл жұмысқа екінші деңгейлі банктердің оң көзқарасы қажет. Себебі, кейбір банктер маңызды мемлекеттік шарадан қалыс қалып отырғаны атап айтылды. Отырыста кәсіпкер құжатының



банкте айлап жатып қалатыны, тиісті жеңілдіктер банк тарапынан түсіндірілмейтіні де ортаға салынды. Екінші деңгейлі банктер арқылы жеңілдік түрлері мен шарттарын насихаттау тапсырылды. Мәжілісте бағдарлама шарттарына бірнеше өзгерістер

енгізілгені белгілі болды. Мәселен, бизнеске түсетін несиесі ставкасының ауыртпалығын төмендету, жаңа кәсіпорын ашқан кәсіпкерлер үшін жеңілдетілген несиелік кезеңнің бекітілуі және несиелендіру үшін қосымша 43 қызмет түрінің енгізілуі өңірлерде кәсіпті дамы-

тудың жаңа мүмкіндігі екендігі даусыз.

Жобалық кеңсенің атқарған жұмысын баяндаған облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықов бағдарламаға кәсіпкерлер қызығушылық танытып отырғанын жеткізді.

Дегенмен, бағдарламаны жүзеге асыру барысындағы мәселелер кәсіпкерлер тарапынан айтылған ұсыныс-тілек те жеткізді. Атап айтқанда, екінші деңгейлі банктер тарапынан несенің қысқа мерзімге берілуі, «Бастау» оқу курсының қабылдауы және елді мекендерде қам кесектен салынған үйлерді банктердің кепілдікке алмауы, ауыл-шаруашылық бағытында айналым қаражатының субсидиясын көтеру өзекті екендігі және бұл мәселелер орталық жобалық кеңсеге ұсынылғанын айтты.

Бағдарламаны жүзеге асыруда мемлекеттік сатып алуда жергілікті қамту үлесі бойынша тиісті сала басшылары баяндады. Сонымен қатар бұл жұмыстардың аудандарда жүзеге асуы барысы туралы барлық аудан әкімдері селекторлық режимде ақпарат берді.

Аймақ басшысы мемлекеттік сатып алуда жергілікті қамтудың үлесі көңіл көншітпейтінін атап айтты. Бұл бағдарламаны жүзеге асыруда көш соңында қалмау үшін жұмысты ширату қажеттігін тапсырды.

Кәсіпкер болғысы келетіндер көп болғанмен, кәсіп бастау оңай емес. Ынта болғанмен істің көзін таба алмайтындар бар. Енді бірі бизнес бастаудың жолын ізлеп ұзақ жүріп қалады. Оқырмандар жиі қоятын осы сұралға орай «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, Кәсіпкерлікті қаржылай емес қолдау бөлімінің сарапшысы Әсел Алушаева кәсіпті бастаудың жолын көрсетіп, кеңес берді.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

## Кәсіпке қажет үш қадам

Бірінші қадам – оқу

Кәсіпке қадам оқудан басталады. Кәсіпкерлік әліп-песін үйрететін оқудың екі түрі бар. Бірі – «Бизнес-кеңесші», екіншісі – «Бастау» оқу курсы. «Бизнес-кеңесші» кәсіппен айналысқысы келгендерге және кәсіпкерлерге арналған, ал «Бастау» оқу курсы тек жұмыссыз азаматтарды оқытуға бағытталған.

«Бизнес-кеңесші» – екі күндік курс. Биылғы жылдың басында оқытыла бастағаны. Ол үшін кәсіпкерлерге арналған «Atameken services» порталына тіркеліп, оқуға болады. Мұнан соң «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығындағы» онлайн тесттен өткен жағдайда курсты оқығаны жөнінде сертификат беріледі.

Ал жұмыссыздарға арналған «Бастау» курс мерзімі – 1 ай. Курсқа қатысушылар әуелі тест тапсырады. Бизнес тренер бір ай бойы курсқа қатысушыларды бизнес бастауға даярлап, идеяларды талқылап, бизнес жоспарды бірге жасап, кәсіпке бейімдейді. Айта кететіні, курсқа қатысушыларға стипендия төленетіндігі. Курс аяқталған соң қатысушылардың әрқайсысы өзінің бизнес жоспарын арнайы комиссия алдында қорғап, сертификат алады. Қысқасы, курстан өту арқылы кәсіпкерлікке алғашқы қадам жасалды деуге болады.

Екінші қадам – идеяны жүзеге асыру

«Бастау» бағдарламасын оқығандар үшін 100 айлық есептік көрсеткіш көлемінде қайтарымсыз қаржы тағайындалған. Өткен жылы қайтарымсыз қаржы облыс бойынша 405 адамға, биыл 820 адамға берілген. Яғни, сатып алу ниеті жоқ, тек қана өтінімдерді өзара қарау шеңберінде басқа қатысушылардың ақпаратына қол жеткізетін жағдайды болдырмау үшін басқа қатысушылардың құжаттарын қарауға тыйым салынады, конкурстық құжаттаманы алдын ала талқылауға қатыспаған тауар жеткізушілердің арыз-шағымы қаралмайды.

Семинарда сондай-ақ қаржылық бақылаудың мақсаты – бұзушылықтардың уақытылы жолын кесу және оларға жол бермеу екендігі айтылды. Яғни, мемлекеттік аудит объектісіне камералық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды дербес жою құқығын беру және мемлекеттік аудит объектілеріне әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

## Жастармен жүздесті


Жуырда жастар орталығында «IT-echelon» жобасының қатысушылары жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттерімен, мектеп оқушыларымен жүздесті.

Жоба жетекшісі мен қатысушылары, сонымен қатар «Grand master» бағдарламалау мектебінің директоры Алімат Қуанышбаев, жас бастамашы Евгений Демиценко, Ақпараттық технологиялар орталығының директоры Сәбит Ибадуллаұлы қатысқан шарада «Болашақ веб-бағдарламалау» тақырыбында шеберлік сыныбы өтті.

Жастарды қызықтыра алатын осындай жобаның жүзеге асып жатқанына қуаныштымын. Небәрі үш айда көп нәрсе үйрендік. Болашақта қай саланы таңдарымыз ойлап жүр едім, енді IT саласына баратыным анық, – деді жоба қатысушысы Қымбат Тұрсынбай.

Қымбат өзінің ерекше жобасын ұсынған. Қазір осы бағытта жұмыс істеп келеді. Мұнда өз жобасы бағытында жұмыс істеп жүрген жастар жетерлік. Сонымен қатар, IT саласының білгірлерімен кездесу жоспарлануда. Мәселен, осы сенбіде жастар «Яндекс» менеджері Анна Верховамен жүздеспек.

«СБ» ақпарат.



Идея

- Карта города
- Метки автобусных остановок
- Список автобусных маршрутов
- Поиск маршрута от точки А до точки Б

## Заңдағы өзгерістер тауар мен көрсетілетін қызмет сапасын арттырады

Өткен жыл соңында «Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік секторды сатып алу мәселелері» бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, ол биылғы жылдың қаңтар айынан бастап күшіне енді. Қызылорда қалалық әкімдігінде жергілікті атқарушы органдар мен бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің қатысуымен өткен семинарда Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысының орынбасары М.Егембердиев пен департаменттің аудит бөлімінің басшысы М.Өмірбаева аталған заңдағы өзгерістер жөнінде түсініктемелер берді.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.



Мамандар атап өткендей, заңдағы түзетулер мемлекеттік сатып алу жетілдіру және квазимемлекеттік сектордың сатып алуларын заңнамалық тұрғыдан реттеуге бағытталған. Соның ішінде демпингті қолдану, әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеу, веб-порталға ақы төлеуді енгізу, бір көзден сатып алуды қысқарту және тағы басқа бөліктерді қамтиды.

Мәселен, бір көзден сатып алудың шекті сомасы 100-ден 500 айлық есептік көрсеткішке дейін (252 500 теңгеден 1 262 500 мың теңгеге дейін) өсіп отыр. Ауыл әкімдіктерінің бюджеті шеңберінде осы шек 3 мың айлық есептік көрсеткішке (7 575 000 теңге) дейін ұлғайтылды. Бұл жұмыстар мен қызметтер бойынша сатып алу рәсімдерін айтарлықтай жеңілдетеді. Бұл норма негізінен бюджетті шағын тапсырыс берушілерге (бала-бақшалар, мектептер, емханалар, ауруханалар, мәдениет үйлері, интернаттар, қарттар үйлері) қатысты екені және оның 2021 жылға дейін қолданылатыны атап өтілді. Ол ауыл әкімдіктерінің мемлекеттік сатып алуларды өткізу бойынша тәжірибелерін қалыптастыру үшін енгізілді. Бұған қоса, баға ұсыныстарын сұрату кезінде тапсырыс берушілерге тауарлардың фирмалық атауларын көрсетуге құқық берілді. Бұл сапалы тауарларды сатып алуға мүмкіндік береді.

Одан бөлек, баға ұсыныстарын сұрату әдісі арқылы сатып алу кезінде 1000 АЕК-ке (2525000 теңге) дейінгі сатып алу тапсырыс берушілер тауарлардың фирмалық атауларын көрсете алады. Бұл сатып алынатын тауарлардың сапасын арттыруға көмектеседі.

Заңға сәйкес, ықтимал жеткізушіге «қаржылық тұрақтылық» деп аталатын жаңа біліктілік талабы қойылады. Ол төлеген салықтар, айналымдық және негізгі қаражаттың болуы және еңбекақы төлеу қоры арқылы анықталады. Сонымен бірге, жаңа қабылданған заңда «кәсіби шағымданушылардың» жолын кесу де көзделген. Яғни, сатып алу ниеті жоқ, тек қана өтінімдерді өзара қарау шеңберінде басқа қатысушылардың ақпаратына қол жеткізетін жағдайды болдырмау үшін басқа қатысушылардың құжаттарын қарауға тыйым салынады, конкурстық құжаттаманы алдын ала талқылауға қатыспаған тауар жеткізушілердің арыз-шағымы қаралмайды.

Семинарда сондай-ақ қаржылық бақылаудың мақсаты – бұзушылықтардың уақытылы жолын кесу және оларға жол бермеу екендігі айтылды. Яғни, мемлекеттік аудит объектісіне камералық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды дербес жою құқығын беру және мемлекеттік аудит объектілеріне әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

## Ежелгі тарих ізімен

Кеше Қызылорда қаласының сол жағалауындағы «Рухани жаңғыру» орталығының музейінде «Леде Қорқуд» қорының президенті, халықаралық «Азербайжан дүниесы» журналының бас редакторы Эдлар Валиев болды.

Журналист бұған дейін Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау қалаларының тарихи және мәдени орындарына болып үлгерген. Ол өзін бұл жерде құрметті қонақ ретінде қарсы алғанын айтып, аймақта өзі танысқан нысандар жайлы журналдың

Қазақстанға арналған арнайы нөмірінде жарық көретінін жеткізді.

– Журналдың редакциясы бүкіл түркітілдес халықтарда құрметке ие ұлы Қорқат ата атымен аталған қор жанында жұмыс істейді. – деді Э.Валиев, – әрбір жана қалаға келген сайын музейлер мен тарихи орындарда боламын. Бүгін осы жерде көргендерімнің барлығы журнал бетінде айшықталады.

Э.Валиев журналдың біздің елге арналған нөмірін ішкі айында шығаруды жоспарлап отырғанын атап өтті.

«СБ» ақпарат.

БРИФИНГ

## Ережені ескермейтіндер бар



– Бұл күнде балық қорғау заңнамасын бұзғандарға салынған айыппұлдың 92 проценті өндірілді. 78 іс әкімшілік шара қоруге жолданса, 4 материал ішкі

Жыл басынан бері өңірде балық қорғау заңнамалары 281 мәрте бұзылды. Бұл ретте оларға қатысты 2 404 900 теңге айыппұл салынған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекция басшысының орынбасары Мәріт Нұрмағамбетов мәлімдеді.

Дәулет ҚЫРДАН.

істер органдарына жөнелтіліп, қылмыстық іс қозғалды. Ереже бұзғандардан 142 ау, 4690 келі балық тәркіленді. Мұнан өзге біз «Таза су айдындары» және «Уылдырық» акцияларын өткізіп, рейтинг шаралар жүргізіп тұрдық. Әйткенмен, биыл заңсыз балық аулау көбейіп отыр, – дейді инспекция басшысының орынбасары Мәріт Нұрмағамбетов.

Бір ай бойына өткізілетін «Таза су айдындары» акциясы негізінде де инспекция жүйелі жұмыс атқарды. Айдындарды тазалау жұмысына 752 адам, 98 техника және 22 шағын көлемдегі кеме жұмылдырылған. Нәтижесінде айдындан 53,6 тоннаға жуық әр түрлі тұрмыстық қалдықтар мен 530 ау-қурап сайманы алынып, тазартылған.

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕРГЕУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары – Қаржы министрінің бұйрығымен Қызылорда облысы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің басшысы болып Темірбек Рашид Темірбекұлы тағайындалды.



Р.Т.Темірбек 1976 жылы дүниеге келген. Қызылорда облысының тумасы. Құқық қорғау органдарында қызмет тәжірибесі мол маман. Еңбек жолын Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасында бастаған. Республиканың прокуратура органдарында және Бас Әскери прокуратурасында басшы лауазымдарда қызмет атқарған. 2014-2018 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Ақтөбе облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары (экономикалық тергеу қызметі) болды. Мемлекеттік кірістер органдарындағы қайта құрулардан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінде

басқарма басшысының орынбасары лауазымында қызмет атқарды.

Экономикалық қылмыстарға қарсы тұру міндеті жүктелген аумақтық экономикалық тергеу органдары ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №920 Қаулысымен құрылып, үстеміздігі жылдың наурыз айынан қызмет атқара бастады. Экономикалық тергеу департаментінің мақсаты – экономикаға және қоғамға елеулі залал келтіретін бюджет қаражатын жымқыру, талан-таражға салу, мақсатсыз жұмсау, салық төлеуден жалтару, азаматтарды түрлі қаржылық алаяқтыққа тарту, контрафактілік өнім, жалған ақша, заңсыз ойын сияқты қылмыстармен күресу.



# 16 МАУСЫМ – МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

## Ұрпақ жалғастығының алтын көпірі

Мемлекеттің басты құндылығы адам десек, адамның басты байлығы денсаулығы екені белгілі. Яғни, дені сау, он екі мүшесі аман адам ғана елінің ертеңі, ұлтының болашағы бола алмақ. Осы орайда елімізде, оның ішінде біздің облысымызда тұрғындар саулығын сақтауға баса көңіл бөлініп келеді.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Әсіресе, ана мен бала денсаулығын қорғау басты назарда. Бұл бағытта қыруар жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, бірқатар медициналық нысан салынып, олар бүгінде ел игілігіне қызмет жасап отыр. Солардың бірі – облыстық перинаталдық орталығы.

Шұғыл түрде көмек көрсету жолға қойылған. Ол үшін 2 палата ашылып, олар қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталды және неонатолог дәрігер мен балалар медбикесі бар жана туған нәрестелерді реанимациялау командасы құрылды.



### Ана мен бала мекені

«100 мектеп, 100 аурухана» мемлекеттік бағдарламасы аясында салынған нысан 2014 жылы пайдалануға берілді. 350 төсекке арналған орталық аймақтағы жүкті әйелдер мен жана туған нәрестелерге мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге арналған III деңгейлі стационар болып табылады. Онда балалар мен ересектер реанимациясы, босанғаннан кейінгі акушерлік бөлмшелер, босану блогы, 6 операциялық блок, жүкті әйелдер және жана туған нәрестелер патологиясы бар. Сондай-ақ, диагностикалық палатасы бар қабылдау бөлмесі, гинекология, оңалту, күндізгі стационары бар консультациялық диагностикалық бөлмшелер мен медициналық генетикалық орталық та келушілерге қызмет көрсетуде. Бұдан бөлек, қосалқы қызметтің әртүрлі бөлімшелері де жұмыс істейді. Атап айтқанда, клиникалық, биохимиялық, бактериологиялық, ИФТ зертханалар, УДЗ, рентген, аудиометрия кабинеттері, психолог, генетика, офтальмолог, КТГ секілді, тағы басқа бірқатар бөлмшелер бар. Орталық бас дәрігері Гүлнар Жұмашеваның айтуынша, бөлмшелері барлығы заманауи үлгіде жарақтандырылған.

Орталықтағы барлық бөлмше заманауи үлгіде жабдықталған. Мәселен, босану блогында бүгінгі күні 22 жеке бөлме бар. Әрбір босану залында босанған әйел мен жаңа туған нәрестеге шұғыл көмек көрсету үшін бірреттік төсеніш қолданылады. Қандай да бір қауіптен туылған нәрестенің жағдайын тұрақтандыру үшін

Ал қабылдау бөлмесі үй-жайы стандартына сәйкес келтіріліп, қайта жанартылды. Бұл бөлмеде сонымен бірге 4 төсектік диагностикалық палата құрылды. Осы палатада бақылауда болған науқастардың 70 процентін әрі қарай емдеуге жатқызу қажет етілмейді, тек 30 проценті ғана емдеуге жатқызылады. Барлық бөлім бірреттік медициналық бұйымдармен, дәрілік заттармен қамтамасыз етілген, – дейді бас дәрігер.

Мұндағы медико-генетикалық орталық іштерге шарананың туа бітті ақауын алдын ала анықтауға мол мүмкіндік береді. Оған сезімталдығы, анықтау қабілеті жоғары заманауи құрылғылар септігін тігізуде. Яғни, бұл орталық сәбилердің туа бітті ақауын дер кезінде анықтап, нақты шешім қабылдауға жағдай жасайды.

### Заманауи құрылғы – нәтижелі қызмет негізі

Орталықтағы әр бөлімнің атқару өзіне тән қызметі, жауапкершілігі бар. Ал қызметтің қолжетімді әрі сапалы болуы көп жағдайда оларда орналасқан құрал-жабдықтардың мүмкіндігіне де байланысты. Ана мен бала орталығы материалдық-техникалық базасы жағынан көпке үлгі боларлық. Ресей, Германия, Жапония секілді елдердің соңғы үлгідегі заманауи техникалары мұндағы жұмыстың нәтижелі болуына жағдай жасауда.

Мекемесі ашылған соң талапқа сәйкес материалдық-техникалық базаны жақсарту мақсатында көптеген соңғы үлгідегі құрылғылар сатып алынды. Бұлтырдың өзінде бұрын-соңды болмаған жаңа құ-

рал-жабдықтарға қол жеткіздік. Жалпы озық үлгідегі құралдармен қамтамасыз етілуі жағынан біздің орталық республикада екінші орыннан көрініп келеді, – дейді Гүлнар Хамзақызы.

Атап айтқанда, жана туылған нәрестелерді анасының еріп жүруімен ауыстыруға арналған жылжымалы кереует ем-шаралар жасауда таптырмас құралдардың бірі болса, рециркулятор медициналық мекемедегі ауаны дезинфекциялауға арналған. Ал ламинарлық шкаф жана туған шақалаққа арналған инфузиялық ерітінділерді дайындау кезінде шаңсыз бактерияға қарсы ауа ортасын құруға пайдаланылады. Яғни, ол жұмыс аймағында инфузиялық ерітінділерді сыртқы ластанудан қорғайды. Осылайша ол нәрестеге жұқпалардың жұғуына жол бермейді.

Орталықта орналасқан ұрықтық КТГ (кардиотокография) мониторинг станциясы мамандардың мәлімдеуінше, босану кезінде шарананың жүрек соғуын тұрақты бақылауға және босану барысындағы тактикасын таң-

Жана туылған нәрестелердің өмірін сақтап қалуға арналған соңғы үлгідегі құрал-жабдықтар қатары да жыл сайын артауда. Солардың бірі шала туған шақалақтың көру қабілетін дер кезінде диагностикалауға арналған «RetcamShuttle» кең жиекті цифрлы ретиналды камерасы. Ол облыс әкімдігінің қолдауымен лизинг арқылы алынған. Бұл құрылғы арқылы шала туған нәрестенің көз ақауын, яғни, көз түбірі, көз тамырлары суретке түсіріліп, диагностика жасалып, көз патологияларын анықтауға мүмкіншілік береді. Бас дәрігердің айтуынша, бұл құрылғы еліміз бойынша 5-6 медициналық мекемеде ғана бар. Ретиналды камера қызметін пайдалану мақсатында неонатолог мамандары арнайы оқытылған. Билығы қантарбақпан айларының өзінде 3 нәрестеден осы аппараттың арқасында көз ақауы нақтыланып, олар ота жасау үшін Алматыға жіберілген.

Оған қоса былтырғы жылдың аяғында салмағы аз балаларды күтуден және қарқынды терапиямен айналысатын зама-

на үшін қызметкерлер арасында жаттықтырушылар тағайындалған. Алыс-жақын шетелден іс-тәжірибеден өтіп, біліктілігін көтерген мамандар қатары да баршылық. Орталықта отыз жылдан астам еңбек етіп, өзінің адал қызметімен, біліктілігімен көптің алғысын арқаалаған, бүгінде жастарға ақыл-көнесін беріп, тәжірибесімен бөлісіп жүрген білікті мамандар қатарында мекеме мақтаншы. Ондай ақ халаттылар қатары көп мұнда. Атап айтсақ, жоғары санатты дәрігер, 30 жылға жуық еңбек өтілі бар маман Сәуле Жақанова, 33 жылға жуық орталықта еңбек етуші дәрігер неонатолог Шынар Ахметова, 29 жылға жуық осы салада қызмет атқарып, талай баланың өмірге келуіне себепкер болған акушер-гинеколог Манат Бодықова, 33 жылдық тәжірибесі бар акушер Ләззат Күздеубаева, жоғары санатты мейірбике, 33 жыл осы салаға өмірін арнаған маман Жанар Жүнісбаева, 25 жылға жуық еңбек өтілі бар мейірбике Нүргүл Исабекова, 9 жылға жуық еңбек өтілі бар аға мейірбике Акмарал Жолма-

мемлекеттік қызметті алу ұсынысымен SMS-хабарлама келіп түседі. Электрондық үкімет порталы барлық мәліметтерді түрлі мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен тартады, ал жетпейтін болса қызмет алушыдан хабарлама арқылы сұратады. Осылайша өтініш берушіге дайын туу туралы куәлікті алу немесе оны үйге жеткізуге тапсырыс беру ғана қалады.

### Тынымсыз тірлік жетістікке жетелейді

Осындай тынымсыз әрі сапалы жұмыстардың нәтижесі болар, облыстық перинаталдық орталығы жетістіктерге жетіп, өзіміз ғана емес, республика көлемінде де үздіктер қатарынан көрініп келеді. Мәселен, 1992 жылдан бастап ДДУ мен ЮНИСЕФ-тің «Ана мен балаға достық қарым-қатынас ауруханасы» сертификатын иеленсе, туелсіз ұлттық бизнес-рейтинг нәтижелері бойынша ҚР ірі кәсіпорндары арасындағы перинаталдық орталық «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жетістігіне» сәйкес өткізілген статистикалық сараула нәтижелері бойынша үздік 15-тің қатарына еніп, «2014 жылдың мемлекеттік кәсіпорны» сертификатын алды. Сондай-ақ, 2017 жылы аккредитация нәтижесінде 1 санатқа ие болды.

Голливуд жұлдыздары өз перзенттерінің Лос-Анджелестегі №6 Cedars-Sinai Medical Center-де дүниеге келуін қалайды екен.

еңбегі, үздіксіз ізденісінің бірден-бір нәтижесі екені сөзсіз. Ал осы жетістіктерге жетуде жұмыс барысын қиындан қиыстырып ұйымдастыра берген, оған қоса ұжымды осы істерге жұдырықтай жұмылдырып отырған бас дәрігердің өлшеусіз еңбегі жағқанын айтпай кетуге болмас.

Гүлнар Жұмашева 30 жылдан астам уақытты қамтитын дәрігерлік қызметінде денсаулық сақтау саласындағы талай өзгерістерді бастан өткізіп, қиындықтарды еңеріп келеді. Әсіресе, ана мен баланың саулығына жауапты болудың ауыртпалығын одан артық сезінетін жан жоқ шығар. Ақтөбе медициналық институтында оқып жүргенде Қызылордаға келіп болып тұскен Гүлнар Хамзақызы жоғары оқу орнын 1988 жылы бітірген бойда жолдामамен Сыр өңіріне келді. Оның еңбек жолы емханада басталды. Аймақтық дәрігер, кейін бас дәрігердің орынбасары болып тоғыз жылдай емханада еңбек еткен ол одан соң облыстық денсаулық сақтау басқармасында қызмет істеді. 2003 жылдан бастап қалалық перзентхананың бас дәрігері болып тағайындалып, күні бүгінге дейін осы лауазымды абыроймен атқаруда.

– Менің ата-анамның екеуі де мұғалім болған кісілер. Отбасында 9 бала тәрбиеленді. Ол кісілер бізді сенип тапсырылған жұмысты жауапкершілікпен атқаруға, қызметке адал болуға, қай жерде жүрсек те



дауға арналған. Орталықтан-дырылған станцияға жеке перзентхана залдарынан 13 КТГ аппараты қосылған. Бұл қызметкерлерге палаталар тыс та шарананың құрсақшыл жағдайын бақылауға мүмкіндік береді.

«Моно және биополарлық ретрокопия мүмкіндігімен гинекологияға арналған Карл Шторц эндоскопиялық бағанда лапароскопиялық және гистероскопиялық оталар жасалауда. Ол аппаратты қолдану үшін дәрігерлеріміз шетелде білім алып, операциялық медбикелер оқытылды. Сондай-ақ, диагностика, хирургиялық емдеу мен оқыту мақсатында заманауи интеграцияланған Оги НЕО телекоммуникациялық-операциялық операторы іске қосылды. Ол операциялық өрісті визуализациялау, ота барысында науқастың жағдайын бақылауға мақсатты жеткізіп, клиникалық ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етуге және жұмыс барысын қабықтандырып бақылауға тиімді» деп атап айтты бас дәрігер.

Жан сақтау бөлімінде қолданысқа енген германиялық мультифильтрат құрылғысы қаннның экстра корпоралдық детоксикациясының жоғары шараларын жүргізуде қолданылады. Яғни, ол артық сұйықтықты, уытты заттарды жоюға, электролит балансын түзетуге арналған.

науи құрал алынды. «PHOENIX CIC101» аппараты сәулелі жылу блогы арқылы нәрестені жылытады. Құрылғыда шала туған нәрестенің қауіпсіздігі үшін бар жағдай жасалған. Өткен жылы сонымен бірге бір эксперт, бір премимум класты УДЗ және флюоро аппараты алынды. Айтпақшы, орталықта ана мен баланың саулығын сақтауға қажетті соңғы үлгідегі заманауи құрал-жабдықтар баршылық. Олармен жұмыс жасайтын мамандарды уақытылы даярлау – бас дәрігердің алға қойған басты мақсаты.

### Білікті маман – беделің

Маман демекші, орталықта 776 қызметкер жұмыс жасайды. Олардың ішінде дәрігер саны – 128. Орта буын қызметкері 376-ны құрайды. Г.Хамзақызының айтуынша, мекеменің кадрмен қамтуда айтарлықтай мәселе жоқ. Акушер-гинеколог, неонатологтармен қамтылу 75-80 процентке жеткен. Ма анестезиолог, реаниматолог мамандарының жетіспеушілігі барын бас дәрігер айтып өтті. Орталықта мамандар біліктілігін көтеру, қайта даярлау жолға қойылған. Дәрігерлер мен орта буын қызметкерлерін үздіксіз оқыту үшін бұлтыр мекемеден арнайы оқу орталығы ашылған. Семинар мен тренингтер өткізу

ханова сынды көптеген қызметкерлер орталықтағы жаз әріптестеріне үлгі болуда.

### Цифрлы технология – өнімді еңбек

Орталықтың цифрландыру барысында бірқатар жұмыстар атқарылуда. Бүгінде мұнда интернет байланысы бар 200-ге жуық компьютер жұмыс жасайды. Оларға халықаралық стандарттарға және технологияларды өңдеудің тиімді тактикасына сәйкес бағдарлама енгізілген. Облыста алғаш болып 2015 жылы «МИС Жетісу» медициналық ақпараттық жүйесі енгізілген болатын. Қазіргі уақытта «Жетісу» бағдарламасы бойынша деректер базасы статистикалық кабинет пен жергілікті желімен қосылған. Бұл босанудың электрондық тарихын, жана туған нәрестенің даму тарихын, стационарлық науқастың медициналық картасын, зерттеулер, талдаулар және басқа да ем-шаралар жүргізуге қолылай.

«Азаматтарға арналған Үкімет» «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-мен бірлесіп пилоттық жобаны іске қосты. Енді жана туған сәбилерді тіркеуге өтініш беру автоматты түрде жүргізіледі. Бала туғаннан кейін ата-ана құттықтау, сондай-ақ, баланың тууын тіркеу бойынша



Себебі мұнда жас босанған анаға кең сарайлай апартаменттер, мейрамхана мәзірі, жеке күтуші ұсынылады. Ақпарат агенттіктері ондағы дәрігерлердің қулауына сәйкес, ән шырақпен, сіреумен шектелмей, ән шырақпен, бала туу процесін мейрамға айналдыратынын жазады. Дәл осы деңгейге жетпегенмен, біздің елімізде де «бес жұлдыз» перзентханалардың пайда болғанын Денсаулық сақтау министрлігінің денсаулық сақтау дамуы республикалық орталығы медициналық ұйымдардың рейтингін жариялау барысында айтып өтті. Рейтинг нәтижесінде «клиникалық қызметі бойынша» 17 облыстық перинаталдық орталықтың 6-ы бес жұлдызға ие болған. Солардың қатарында Қызылорда облыстық перинаталдық орталығы барлық сынақты «беске» тапсырып, бар жұлдызды жинағаны белгілі болды. Бұл орталық ұжымының тынымсыз

ата-ана атына кір келтірмеуге тәрбиеленді. Бала кезден бойымызға сіңген сол тәрбие әлі күнге дейін жадымызда тұрады. Қай қызметті атқарсақ та адал, ыждағаттылықпен еңбек етіп, сол кісілердің атына сөз келтірмеуді мақсат тұттық. Денсаулық сақтаудың өзге салаларында бір адамға ғана жауапты болсаң, бізде екі адамның өміріне бірдей жауаптымыз. Сондықтан бізде жауапкершілік жүгі екі есе ауыр, – дейді бас дәрігер.

Ата-анадан берілген тәрбие, бойындағы талапшылық, ізденімпаздық, еңбеккорлық, жанашырлыққа ұмтылу, кішіпейлдік қасиеті Гүлнар Хамзақызының қай қызметті атқарса да көпшілік ықыласына бөлеп, абырой биігінен көрсетсе, жүрек қалауымен таңдап алған дәрігерлік мамандығында ақ желеніңе кір жұқтырмай келеді.

## Зертханашы

Құрылысына қаржы жұмсалған Аралдағы орталық аурухана 150 адамға арналған. Үш қабатты ғимаратта терапия, хирургия, травматология, педиатрия, дерматовенерология және жұқпалы аурулар бөлімдері бар. Палаталарға науқастарға қажетті бар жағдай қарастырылған. Шұғыл жағдайда көмек көрсететін өттегі беру қызметі де ескерілген. Ғимарат газбен жылытылады. Үш ауылдық емхана, 11 дәрігерлік амбулатория, төрт медициналық және бір фельдшерлік-акушерлік бекет қарайтын бұл мекеме соңғы үлгідегі жабдықтармен жарақтандырылған. Америкалық, германдық өндірістен шыққан осындай жана медициналық құралдар арқасында күрделі оталар жасап, телемедицина арқылы еліміздегі жетекші клиникалар мамандарымен тәжірибе алмасуға да мүмкіндігі зор. Сонымен бірге, облыс орталығына баратын Арал, Қазалы аудандары тұрғындары үшін осы аурухана қызметі үлкен көмек екені даусыз.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Біз айтқалы отырған кейіпкер осы ауруханада қызмет атқарады. Қызметі сіз ойлағандай, үлкен дәрежеде де емес. Бірақ, аурухана тарихында оның елеулі еңбегі бар. Отыз жылдан астам уақыт қарапайым лаборант қызметінде келе жатқан Гүлбике Қалиева-ның аудан тұрғындарының саулығына қосқан үлесі зор десек, артық айтпасыз.

Алматыдағы республикалық медициналық колледжін лаборант ма-

мандығы бойынша бітірген ол 1981 жылдан бастап аудандық орталық ауруханасына зертханашы болып жұмысқа орналасты. Осы кезге дейін сол бір орында табын аудармастан еңбек етіп келеді.

Айтпақшы, біздер, яғни, емделушілер дәрігердің жасаған медициналық қызметін көзбен көргеннен соң, бар алғысты соған жаудыратынымыз бар. Ол енді заңдылық. Дәрігердің жасаған ем-домына ауырған қай адам



да риза көңілмен қарайтын белгілі. Бір қызығы, бойдағы кеселді нақтылауға үлес қосқан зертханашы еңбегін көбіміз біле бермейміз. Ол кісілер солай тасада қалады. Тек саусағыңыздан қан алғанда қысқа мерзімде жанына барып, бір сәт сараптамадан өткеннен кейін, ол жайлы тіпті жадыңызда да қалмайды. Ал, терең түсініп кара-

сыңыз, көз майын тауысып, микроскопқа үңіле қараған зертханашының диагноз қоюдағы үлесі зор. Мұндайда қателесуге болмайды. Өйткені, асығыс жасалып, немқұрайды қаралған сараптама науқастың өмірін одан сайын қиындатуы мүмкін. Дәрігер диагноз қоюдан шаташып, келген емделуші ауруына ауру қосып алу да қадір. Міне, осындай төзім мен шыдам, білім мен дәлдікті бойына қалыптастыра берген зертханашы-лаборанттардың жұмысы шынымен де ауру тарихында үлкен рөл атқарады.

Маман ретінде қалыптасуы алғаш рет жұмысқа орналасқан кездегі бөлімше менгерушісі, дәрігер-лаборант Ғаламнұр Бекмамбетованың еңбегі зор. Ал, осы күрделі мамандықтың бар қыр-сырын жалықтастың үйреткен Назира Есжанованы өз ұстазым ретінде құрметтеймін. Біздің зертханалық жұмысымыз бүгінде электронды микроскоп, үлкен гематологиялық талдау аппараттарының көмегімен жана сатыға көтеріліп отыр. Заманауи құрылғылар бұрынғыға қарағанда науқастарға жедел көмек көрсетуде өз септігін тигізуде. Аудандық, ауылдық жердегі медициналық көмектің дамуына мемлекеттің ұдайы қамқор-

лықпен қарауы бізді де, тұрғындарды да қуантады, – дейді Гүлбике апай.

Мамандығын мақтаным деп қарайтын зертханашы Гүлбикенің зейнет жасына жақында да қимылы ширақ, қозғалысы тез. Бұрынғыдай емес, жылдам әрі жана заманауи қондырғымен түрлі дерттің алдын алуға мүмкіндіктің мол екенін айтқан ол, өткен ғасыр жылдарына қарағанда ауыл медицинасының алға көп жылжығанын айтады. Әсіресе, Гүлбике апайдың 90-шы жылдары Аралда болған оба мен безгек дерттеріне шалдыққан науқастардан сактық шараларын сактай отырып талдауға материал алғаны және оны қиындықпен анықтағаны ерекше есінде қалыпты. Ал қазір материалдық-техникалық базасы жақсарған денсаулық саласы барлық аудан тұрғындарын қуанытып отыр.

Өз саласы бойынша бірнеше рет білім жетілдірген, жоғары санатты лаборант Гүлбике Қалиева үлгілі еңбегі үшін сан рет түрлі марапаттарға ие болды. Дәрігер-лаборант Нұрбек Сұлтанов, зертханашы Айнұр Жарымбетова және тазалықшы Ләззат Жұбандықовамен бірге науқас жандардың дерт түрін нақтылауда өз үлесін қосып

жүрген ол ұжымда сыйлы, ел арасында беделді ана.

Гүлбике Қалиева жолдасы құрылышы Бакытпен бірге қазір химия-биология пәнінің мұғалімі Клара мен мемлекеттік қызметкер Берікті өмірге әкеліп тәрбиеледі. Сонымен қатар ұл-қызынан немере сүйіп отырған бақытты және «Адамдар ауырмасын» деген ең басты тілегін айтқан Гүлбике апаймен біз осылай тілдесіп қайтқан болатынбыз.

Айта кетейік, Сыр бойында соңғы 2 жылда медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасы нығайтылып, барлық аудандарда ауысымына 250 келушіге арналған емханадан мен 11 медициналық бекет салынды. Облыстың денсаулық сақтау саласында алдағы уақытта 48 дәрігерлік амбулатория, 7 фельдшерлік-акушерлік бекет, 27 медициналық бекет құрылысы жоспарлануда. Медициналық ұйымдарды арнайы техникамен қамтамасыз ету бойынша элемент кез келген клиникасымен байланысқа түсету мүмкіндік беретін мобильді ота жасайтын қондырғы орнатылды. Мұндай қондырғымен республиканың 5 клиникасы ғана жабдықталған.

Арал ауданы.



# ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР АТЛАСЫ

Жаңа мамандықтардың атласы – бұл «Сколково» бизнес мектебі және Стратегиялық бастамалар агенттігі мамандарының еңбек нарығында таяу онжылдықта мүмкін болар өзгерістерді байқауы және қазіргі оқушылар мен студенттерді жоғары оқу бітіргені жөніндегі дипломдарымен әлемге дайындау мүмкіндігі. Бұл жаңа мамандықтар тізімі мыңдаған мамандар мен зерттеушілердің және алдыңғы қатарлы компаниялар өкілдері еңбегінің нәтижесінде пайда болып отыр. Бұл – болашақты ойлап табу әрекеті емес, керісінше негізгі салалар мен компаниялар трендтерін

тереңдетіп сараптау, әлемнің өзгерісін және ол қандай жас мамандарды қажет ететінін түсінуге тырысу. Ертеңгі күнге дайын болу үшін тек қана оқу бітіріп, екі немесе үш диплом алумен іс бітпейді. Үнемі білімінді жетілдіру және құзыреттілікті өсіріп отыру қажет болады. Білім біздің көз алдымызда формалдық жүйедегі мекемелердің шекарасынан шыға бастауда. Жаппай білім беретін онлайн курстардың пайда болуы, оның ішінде әлемнің жетекші университеттері бар, бұған айқын дәлел. Білім беру траекториясын тағылымдамадан оту, онлайн курстар мен тәжірибе

секілді түрлері арқылы өзің таңдап алуыңа болады. Бұл, әрине «мектеп-институт-қосымша білім алу» секілді үйреншікті білім беру жүйесіне қарағанда күрделірек, әйтсе де қызықты және нәтижелі. Мұндай ақпаратты жинақтайтын және жүйелендіретін жаңа мамандықтар атласын жастарға дұрыс таңдау жасауға бағыт-бағдар беретін кәсіби құрал ретінде қарастыруға болады. Дәл осы таңдау болашақта олардың еңбек нарығында сұранысқа ие болуын қамтамасыз етеді. Атлас – бұл алдағы 15-20 жылда қажеттілікке ие бо-

латын салалар мен мамандықтар альманахы. Ол сізге қандай бағыттар белсенді дамидынын, оларда қандай жаңа технологиялар, өнімдер, басқару тәжірибесі пайда болатынын, сондай-ақ жұмыс берушіге қандай жаңа мамандар қажет екенін түсінуге көмектеседі. Өзгеру жылдамдығы өсе түсуде, кәсіби міндеттер күрделене түсуде. IT саласындағы кейбір мамандықтар, мысалы, әлеуметтік желі менеджері, кәсіби блогер, seo-оптимизатор, хедхантер 2000 жылдар басында белгісіз еді, ал бүгінгі күні танымал және жоғары ақы төлететін мамандықтарға айналды.

<h3>МЕДИЦИНА</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Дербестендірілмеген медицина сарапшысы</li> <li>Салауатты қартаю кеңесшісі</li> <li>Медициналық мекеме жұмысын жобалаушы</li> <li>Желілік дәрігер</li> <li>Медициналық роботтар операторы</li> <li>Биозитик</li> <li>IT-генетик</li> <li>Молекулярлық диетолог</li> <li>Медициналық маркетинг</li> <li>Клиникалық биоинформатик</li> <li>Денсаулық сақтау саласының R&amp;D менеджері</li> <li>Генетикалық кеңесші</li> <li>IT-медик</li> <li>Медициналық қондырғылар сәулетшісі</li> <li>Тін инженері</li> <li>Киберпротездер мен импланттар жасаушы</li> </ul>	<h3>ЖАҢА МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ НАНОТЕХНОЛОГИЯ</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>«Ақылды материалдар» жобалаушысы</li> <li>Нанотехнологиялық материалдар жобалаушысы</li> <li>Композитті материалдардың жүйелік инженері</li> <li>Наноөндірістігі қауіпсіздік маманы</li> <li>Глазир</li> <li>Рециклинг-технолог</li> </ul>	<h3>ЖЕР ҮСТІ КӨЛІГІ</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Автоматтандырылған көлік жүйесінің операторы</li> <li>Кросс-логистика операторы</li> <li>Интермодальдық көлік шешімдерінің технигі</li> <li>Интеллектуалдық басқару жүйесінің сәулетшісі</li> <li>Интермодальдық көлік торабының жобалаушысы</li> <li>Транспорт жүйесінің қауіпсіздігі бойынша инженер</li> <li>Көлік құралдары үшін композитті қондырғылар жобалаушысы</li> <li>Жоғары жылдамдықты теміржол жобалаушысы</li> <li>«Ақылды жолдар» құрылысшысы</li> </ul>	<h3>КОСМОС</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Ғарыштық қондырғылар жобалаушысы</li> <li>Ғарыш жолы инженері</li> <li>Космобиолог</li> <li>Ғарыш туризмі менеджері</li> <li>Космогеолог</li> <li>Тіршілікті қамтамасыз ету инженері</li> </ul>	<h3>ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Тау желісі инженері</li> <li>Роботтық жүйе инженері</li> <li>Өндіру саласындағы экосарапшы</li> <li>Кен орындарын барлауға арналған БПЛА операторы</li> <li>Жер асты үңгушілер командасының үйлестірушісі</li> <li>Телеметрия мәліметтерінің инженер-интерператоры</li> </ul>
<h3>БИОТЕХНОЛОГИЯ</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Урбанист-эколог</li> <li>Тірі жүйелер сәулетшісі</li> <li>Жүйе биотехнологы</li> <li>Биофармаколог</li> <li>Саябақ экологы</li> </ul>	<h3>АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Агроинформатик/Агрокибернетик</li> <li>Гмо-агроном</li> <li>Сити-фермер</li> <li>Автоматтандырылған ауыл шаруашылығы техникасының операторы</li> <li>Ауыл шаруашылық экологы</li> <li>Агроном-экономист</li> </ul>	<h3>СУ КӨЛІГІ</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Порт экологы</li> <li>Арктика жағдайындағы навигация маманы</li> <li>Теңіз инфрақұрылымының жүйелік инженері</li> </ul>	<h3>IT-СЕКТОР</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Желілік заңгер</li> <li>BIG DATA моделін жасаушы</li> <li>Цифрлық лингвист</li> <li>Интерфейс дизайнері</li> <li>IT-уағыздаушы</li> <li>Ақпараттық жүйе сәулетшісі</li> <li>Нейроинтерфейс жобалаушысы</li> <li>IT-аудитор</li> <li>Ақпараттық қауіпсіздік тәлімгері</li> <li>Жеке қауіпсіздік бойынша кеңесші</li> <li>Ақылды орта кибертехнигі</li> <li>Кибертергеуші</li> </ul>	<h3>ҚҰРЫЛЫС</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Құрылыс технологиясын модернизациялау бойынша маман</li> <li>Прораб-вотчер</li> <li>Құрылыстағы 3D-баспа жобалаушысы</li> <li>Ескі құрылыс конструкцияларын бекіту, қайта салу бойынша маман</li> <li>«Энергонульдік» үйлер сәулетшісі</li> <li>«Ақылды үй» инфрақұрылымын жобалаушы</li> <li>ВІМ-менеджер-жобалаушы</li> <li>Қолайлы орта жобалаушысы</li> <li>Құрылыс жөніндегі экосарапшы</li> </ul>
	<h3>ҚАУІПСІЗДІК</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Өндірістігі кешенді қауіпсіздік аудиторы</li> <li>Қауіпсіздікті қашықтықтан бақылайтын оператор</li> <li>Қауіпсіздікке арналған жылжымалы қондырғылардың дизайнер-эргономисті</li> <li>Жүйелі экологиялық аппараттарды еңсеру маманы</li> <li>Жеке қауіпсіздік жобалаушысы</li> <li>Бизнестің үздіксіз жүруі бойынша менеджер</li> </ul>	<h3>АВИАЦИЯ</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Ұшу аппараттары рециклингін технологы</li> <li>Әуежолдары инфрақұрылымы жобалаушысы</li> <li>Кіші авиация өндірісінің инженері</li> <li>Динамикалық диспетчерлік басқарудың интеллектуалдық жүйесін жасаушы</li> <li>Дирижабльдер жобалаушысы</li> <li>Эксплуатациялық мәліметтер сарапшысы</li> <li>Ұшқыссыз авиация интерфейсі жобалаушы</li> </ul>	<h3>БАЛАЛАР ТАУАРЫ МЕН СЕРВИСІ ИНДУСТРИЯСЫ</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Баланың «келешек келбеті» бойынша сарапшы</li> <li>Балаларға арналған R&amp;D басқарушы</li> <li>Балалардың психологиялық қауіпсіздігі бойынша маман</li> <li>Трансмедиялық өнімдер сәулетшісі</li> </ul>	



<h3>МАШИНА-ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ РОБОТОТЕХНИКА</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Өндірістік роботехника жобалаушысы</li> <li>Роботтарды басқару бойынша интерфейс жобалаушысы</li> <li>Медициналық роботтар жобалаушысы</li> <li>Инженер-композитчик</li> <li>Жобалаушы-эргономист</li> <li>Үй роботтарын жобалаушы</li> <li>Балалар роботтарын жобалаушы</li> <li>Көп атқарымды робототехникалық кешендер операторы</li> </ul>	<h3>ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ТҰТЫНУДЫ БАСҚАРУ</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Электр толытырушы</li> <li>Энергия тұтыну жүйесін жасаушы</li> <li>Электр энергиясы тұтынушыларының құқығын қорғаушы</li> <li>Энергияны бөлуге арналған электр желілерін реттеуші/бақылаушы</li> <li>Энергоаудитор</li> <li>Интеллектуалдық энергожелілерінің жүйелік инженері</li> <li>Энергетика нарығы маркетологі</li> </ul>	<h3>МЕДИА ЖӘНЕ ОЙЫН-САУЫҚ</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Агрегатор контент редакторы</li> <li>Инфостилист</li> <li>Ойлау жүйесі продюсері</li> <li>Медиа бағдарлама жасаушысы</li> <li>Медиа полицей</li> <li>Виртуалдық сәулетші</li> <li>Виртуалдық әлем дизайнері</li> <li>Ойын тәжірибешісі</li> <li>Эмоция дизайнері</li> </ul>	<h3>БІЛІМ</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Модератор</li> <li>Білім траекторияларын дайындаушы</li> <li>Майнд-фитнес бойынша жаттықтырушы</li> <li>Тьютор</li> <li>Жобалық оқу ұйымдастырушысы</li> <li>Ойын шебері</li> <li>Стартап менторы</li> <li>Білімдік онлайн платформа үйлестірушісі</li> <li>Ойын педагогы</li> <li>Ақыл-ес жағдайына оқыту құралдарын дайындаушы</li> <li>Экоауғаыздаушы</li> </ul>	<h3>МЕНЕДЖМЕНТ</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Тайм-брокер</li> <li>Трендвотчер/форсайтер</li> <li>Кросс-мәдени коммуникация менеджері</li> <li>Онлайн сатуды басқару бойынша менеджер</li> <li>Қауымдастыққа бөлінген өндірістерді үйлестіруші</li> <li>Корпоративтік венчурлық қорлары портфелінің менеджері</li> <li>Корпоративтік антрополог</li> <li>Экоаудитор</li> <li>Жеке қаржы траектория жобалаушысы</li> <li>Виртуалды адвокат</li> <li>Қоғамдастықты дамыту бағдарламасының үйлестірушісі</li> <li>Жеке бренд-менеджер</li> <li>Пайдаланушылар қауымдастығының модераторлары</li> <li>Тайм-менеджер</li> </ul>
<h3>ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Киімнің электрондық «рецепінің» бағдарламашысы</li> <li>Жеңіл өнеркәсіптегі IT-интерфейс дайындаушы</li> <li>Техно-стилист</li> <li>Жаңа матаны жобалаушы</li> <li>Салауатты киім эксперті</li> <li>Киім рециклингі бойынша сарапшы</li> </ul>	<h3>ЭНЕРГОГЕНЕРАЦИЯ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯНЫ ЖИНАҚТАУ</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Метеоэнергетик</li> <li>Жергілікті энергия жабдықтау жүйесі маманы</li> <li>Рекулерация жүйесі жобалаушысы</li> <li>Энергогенерация жүйесін модернизациялау бойынша менеджер</li> <li>Тасымалданатын энергоқондырғылар дизайнері</li> <li>Микрогенерация жүйесін жауашы</li> <li>Энергия толытырушы қондырғылар жобалаушысы</li> </ul>	<h3>ТУРИЗМ ЖӘНЕ ҚОНАҚ КҮТҮ</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Жеке турлар режиссері</li> <li>Кеңістіктің бренд-менеджері</li> <li>Қосымша нақты территория дизайнері</li> <li>Робототехника консъержі</li> <li>Аумақ сәулетшісі</li> <li>Интеллектуалдық туристік жүйе дайындаушысы</li> <li>Турнавигаторлар жасаушысы</li> </ul>	<h3>ӘЛЕУМЕТТІК САЛА</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Жеке қайырымдылық бағдарламалар платформасының модераторы</li> <li>Әлеуметтік келіспеушілік медиаторы</li> <li>Мемлекеттік органдармен байланыс платформасының медиаторы</li> <li>Мүмкіндігі шектеулі адамдарды интернет арқылы бейімдеудің арнайы маманы</li> <li>Мигранттардың бейімделуі бойынша маман</li> <li>Қоғамдық проблемалардың краудсорсинг бойынша маман</li> <li>Әлеуметтік саладағы мемлекеттік жекешелік әріптестікті ұйымдастыру бойынша маман</li> <li>Экотәлімгер</li> </ul>	<h3>ҚАРЖЫ СЕКТОРЫ</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Интеллектуалдық меншік бағалаушысы</li> <li>Дарынды адамдарға тікелей инвестиция қорының менеджері</li> <li>Жеке зейнеткерлік жоспарларды дайындаушы</li> <li>Мультивалюттік аудармашы</li> <li>Краудфандингті және краудинвестингті платформа менеджері</li> </ul>
<h3>МЕТАЛЛУРГИЯ</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Жаңа металдар конструкторы</li> <li>Ұнтақ металлургиясы қондырғыларын жобалаушы</li> <li>Қондырғылардың супервайзері</li> <li>Металлургиядағы эко-рециклер</li> </ul>	<h3>МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР</h3> <ul style="list-style-type: none"> <li>Ұжымдық өнер үйлестірушісі</li> <li>Өнер жаттықтырушысы</li> <li>Эстетикалық даму бойынша жеке тьютор</li> <li>АРТ-бағалаушы</li> <li>Science-суретші</li> </ul>			

<h4>КӘСІБИ ДАҒДЫ</h4> <p>Болашақтағы жұмыскерлер үшін жұмыс берушілер тарапынан байқалған аса маңызды кәсіби дағдылар</p>	<p>Клиентке жол сілтей білу, тұтынушының сұраныстары бойынша жұмыс жүргізе білу</p>	<p>Көркем шығармашылыққа бейімділік, эстетикалық талғамды дамыта білу</p>	<p>Жүйелі түрде ойлау (күрделі жүйелерді анықтауды білу және олармен жұмыс істей білу)</p>
<p>Мультитілділік және мультимәдениеттілік (ағылшын тілін еркін меңгеру және екінші тіл білу, әріптес мемлекеттің ұлттық және мәдени мәнмәтінін түсіну, басқа елдердегі салалардың жұмыс ерекшелігін түсіну)</p>	<p>Жобаларды және үдерістерді басқара білу</p>	<p>IT-шешімдер бойынша бағдарлама жасау /автоматтандырылған күрделі кешендерді басқара білу/ Жасанды интеллектпен жұмыс істеу</p>	<p>Үнемді өндіріс, шығындардың барлық түрін жоюға бағытталған өндірістік үдерістерді басқару, бизнесті оңтайландыру үдерісіне әрбір қызметкерді тартып, тұтынушыға барынша көңіл бөлу.</p>
<p>Салааралық коммуникациялық дағдылар (іргелес және іргелес емес салалардағы технологиялық үдерістер мен нарықтық жағдайларды түсіну)</p>	<p>Өте екіұшытылық, белгісіз режимде және тапсырмалар шарттарының тез өзгеруі жағдайындағы жұмыс (тез шешім қабылдай білу, жұмыс жағдайының өзгеруіне орай әрекет ету, ресурстар мен өз уақытыңды басқара білу)</p>	<p>Ұжымдармен, топтармен және жеке адамдармен жұмыс істей білу</p>	<p>Экологиялық ойлау</p>







# Ерлікті ұлықтау – ұрпақтар міндеті

Екінші дүниежүзілік соғыстың оты шарымаған отбасы жоқ шығар, сірә. Жүректерге соғыс салған жара, көңілдегі нала жазылған жоқ, жанардағы жас құрғады дей алмаймыз. Талай ердің жас құмырын жалмаған, талай ананы жесір, баланы жетім қалдырған зұлмат күндер біздің де аулетті айналып өтпеді. Әкеміз үлкен ағасы Мәжит Шәкірбайұлы жиырмаға енді аяқ басар жасында тұрған шағында майдан шебіне аттанады. Содан 1943 жылдан бастап ешқандай хабар-ошарсыз кетеді. Артында ізі қалмайды, жерленген қабірінің қайда екенін де білмейміз. Бұл үлкен қасірет екен.

Біз ес білгелі әкеміз Сәмит Далдабаев өзінің туған ағасы Мәжит көкеміз туралы жиі айтады. Тіпті, соғысқа аттанып бара жатып үш жастағы інісінің қолына алып, құшағына басып, бетінен сүйіп еке-шешесіне «енді осы Сәмитке қараңдар, бас-көз болыңдар» деп қайта-қайта тапсырғанын ағасының аманатындай айтып отырады. Мәжит Шәкірбайұлының майдан даласынан жазған хаттары, басшылық тарапынан еке-шешесіне білдірген алыстары аттың жалында, түйенің қомында жүрген кездерде жоғалып кетіпті. Қолымызда

көкеміздің 13 жастағы бейнесі бейнеленген жалғыз ғана суреті сақталыпты. Одан басқа дерек, не жазылған хат, болмаса сурет жоқ. Бар білетіміз Мәжит Шәкірбайұлы Жалағаш ауданының «Ынтымақ», «Қызыл Октябрь» дейтін шағын ауылдарында 4-5 сыныпқа дейін білім алған. Кейіннен өзінің қағыздәстігі, қабілетінің арқасында Қызылорда қаласындағы педагогикалық училищені үздік бағамен аяқтап шығады. Оқуын бітіргеннен кейін елге келіп мұғалім болып, ағартушылықпен айналысады. Арада бірнеше ай өтпей соғыс басталады да, майданға кетеді. Одан кейінгі жағдай жоғарыдағыдай.

Әкем ағасының есімін өшірмеу үшін менің атымды көкеміздің құрметіне Мәжит деп қояды. Атым сол кісінің құрметіне қойылғаннан кейін, оның үстіне әкеміз сөзін бала күнімізден құлағамызға құйып өскеннен соң, көкеміз туралы деректі өте көп іздедік. Бірақ табылмады. Ізденісіміз нәтиже бермеді. Бүгінде заман дамып, жаңа ақпараттық технологиялар өмірімізге дендеп енді ғой. Осының арқасында соғыс жылдарындағы түрлі тағдырлар туралы тың деректер шығып, олар арнайы сайттарға жариялана бастады. Сондай сайттардың біріне Мәжит Шәкірбайұлы туралы ақпарат жарияланды. Өлгеніміз тірілгендей, жоғалғанымыз табылғандай күй кештік. Қуанышымызда шек болмады. Көкем №8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясында

соғысыпты. Осы дивизияның 1944 жылғы 8 маусымдағы №043 бұйрығымен, КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы атынан Мәжит Шәкірбаев майданда жауынгерлік тапсырмаларды мұлтқисіз атқарып, ерлігімен көзге түсіп, басқыншылармен күрестегі батырлығы үшін «Ерлігі үшін» медалімен марапатталыпты. Сол күні төбеміз көкке екі елі жетпей қалғандай болдық, қуаныштан көзімізге жас келіп ерекше тебіреністе болдық. Өйткені 75 жыл бойы іздеген, таба алмаған дерекке қолымыз жетті. Бұл бізге ат басындай алтыннан да қымбат ақпарат еді.

Елі үшін ерен ерлік көрсетіп, жауынгерлігімен көзге түсіп, сол жолда шейіт болған көкемізді еске алып, сүйегі майдан даласында қалса да артындағы ұрпақтары құран бағыштап, зиярат етсін деген ниетпен жақында басын қарайтып, белгі қояды ойластырдық. Бұл да болса келешек ұрпаққа тәлімді, тәрбиелі іс қой деп топшылаймыз. Себебі өскелең жас еліміздің қандай қиыншылықтардан, зұлматтардан өтіп, бүгінгі бейбіт күнге қалай жеткенін білуі керек. Мына мамыражай, берекелі де мерекелі өмірдің қалірін түсініп, еліміздің тыныштығын кірпік қақпай күзетуі қажет деген ойдамыз. Ал мұндай іске батырлардың ерлік жолы мен еңбек адамдарының нақты өмірі дәлел әрі үлгі болады.

Мәжит СӘМИТОВ.

# Ақ жаулықты қасиет тұлқан

Осыдан 20 жылдай бұрын ел арасына қатынайтын автобус ішіне енгенде, басына таққан орналы мен жейі жұқа ақ түсті матадан тігілген жаздық көйлегі үйлесіп отырған анаға көзім түсті. Аққұба өнді ананың салалы ұзын саусақтары талай бейнеттің басын қайырып, қара жұмыстың кәріп қайтарған нағыз еңбеккер қол екендігі бірден байқалды. Бәрінен де бұрын менің ескі көзім ол кісінің құлағындағы алтын сырғасынан көтер емес. Сырғаның ашық күлгін түсті көзі автобус шайқалған сайын әрі-бері жарқырап, ананың аққұба келген жүзін ажарландырып тұрды. Сірә, жас кезінде өте сұлу болғанға ұқсайды ғой деп ой түйдім...



өсеті де осы болды. Жаулық, орнамалы ұғымын ерекше қадір тұтып ата салтын дәріптеген анам: «Ақ жаулық ажарыңды аша түседі, боя-мақ болмысқа үйір болма, өзің мұғалімсің. Мұғалім ұстаздық дәрежеге жетуі үшін үлкен ізденіс пен төзімділік қажет. Тақта алдында тұрып кезекті тақырыпты түсіндіру жеткіліксіз. Әріптестерің мен шәкірттерің алдында сен күнделікті сынақтасың. Ұстаздық, үлкендік сияқты үлкен сын» дегенді үнемі айтып отырады. Үлкендікті сын деп ұғынған менің анам (енемді осылай атаймын) құрғақ ағаштың немесе тыйып-жиюдың адамы емес. Айтқан ақыл-көнесіне сай өнегелі болмысы бар, – қойлай емес, былдай емес, оның не?» деп сұсты кейін танытудан аулақ, барлығын байыппен түсіндіретін.

Анамыздың өмір жолына көз жүгіртетін болсақ, 1961 жылы 17 жасында ауылдағы Нұғымановтар отбасына келіп болып тұскен. Отғасын Нұғыман соғыстан қайтпай қалған бұл отбасында Мырзагүл әжеміз бес баланы өзі тәрбиелеуде еді. Әкеміз қылышынан қан тамып тұрған кенес

үкіметі тұсында бес уақыт намазын қаза қылмаған жан екен. Құранды ашып қойып, судырағып оқи алатын, аузы дуалы кісі болған. Мырзагүл әжеміз келіні, яғни анам туралы «бойында пышақтың қырындай арамдық жоқ қой», – деп үнемі айтып отырады екен. Анамыз осындай ілімдар, мінезді енеге жағып, оның ойынан шыға білген. Үстемді екенің перзентті дүниеге әкеліп, тәрбиелей жүріп ауылдың құрылыс саласында еңбек еткен. Атамыз Зейнүллула енекті механизматорлық бастап, ауыл шаруашылығы саласындағы абыройлы еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденінің негері атанып, «Лениннің 100 жылдығы» медалі алған. Кейіннен совхоздың егін бригадасын 15 жылдай басқарып, 40 жыл еңбек етіп, абыроймен зейнетке шықты. Сол кезде анамыз да атамызбен бірге осы бригадала егін егіп, диканшылықпен айналысты. Қызылқұмнан жер ашып, ескен қауын-қарбыздары вагон-вагон болып Ресейге асып жататын. Осылайша мерзімдік жоспарын орындауда талмай тер төккен анамыз 1988 жылы аудан дикандары арасында үздік атанады.

Атамыз екеуінің Құдай берген перзенттерінен тараған 23 немере, 13 шөбересі бар. Бірде анаман ақ жаулық қасиеті туралы жиі айтатын әңгімесінің мәнісін сұрадым. Анам: – Өткен ғасырдың 60-70 жылдарында совхоздың ер үйінде ертеден кешке дейін радио сайрап тұратын. Бір күні радиодан ақын Дүісенбек

Қанатбаевтың «Ақ жаулық туралы әпсанасын» есіттім. Тілмен айтып жеткізе алмайтын ғажаз есерде болдым, – деді. Әпсананың қысқаша мазмұны былай:

...Елдің қамын ойлап ереуілге шыққан жас ноян өлім жазасына кесіліп, абақтыға қамалады. Жолығуға келген анасына «Өлімнен қорықпаймын, бірақ менің өлі дегенді жұрт көреді-ау» деген өкінішін білдіреді. Ұлының халін түсінген анасы «Қақтырама, қорықпа, біз кезде хан әкемінен дос болатын. Талай қанды жорыққа бірге шыққан. Ханға барам... Ертең дар ағаштың қасына келемін. Үстемді кара киім болса, онда ханның кешірім бермеген. Ал егер басымда ақ желең болса, ханнан сауға алғаным деп түсінгейсің. Қас түлпардың тұяғысын, қасиңдағы жемдеттерден қорықпа, дар алдына жақындарың жадыраңқы жүзіңмен» дегенді айтып, ұлымен қоштасады.

Ертеңіне ұлы дар алдына да еш қиналысыз, өр қалпында келеді. Айналасына көз салғанда, анасының ақ желеңі көрінеді. Тірі қалам, деген оймен дар алдында, биік өр қалпын ұстап жемдеттерге бас ұрмайды. Шындығында, анасы жалғыз ұлының ақтық демі шығар сәтінде құшпандар алдында жасымаған қалпын көрсітіп келгеннен осындай өтірікке барған. «Сол ақ желең – аналардың басына, ақ жаулық боп қалған мәңгі оралып», дейтіні бар ақын Дүйсенбектің, – деп анам сөзін аяқтады.

Аналардың ақ жаулығы... Олар тек ақтықтың, покіктің ғана емес, ар мен намыстың да айбыны, айбары екен-ау, деген ой түйдім.

Мәрия ЕСИМОВА,  
№130 Абай атындағы орта мектептің тарих бөлімінің мұғалімі.  
Сырдаруа ауданы,  
Ақжарма ауылы.

Иә, өмір деген тосын сыйларға толы екен, осыныша жылдардан соң жоғарыда айтқан айналасына сәуле шағырып отырған, өзін сүйгенін ақ жаулықты анаға келіп болармын деп кім ойлаған?! Мақалама арқау болып отырған Батыр ана Зоя Ізбасарқызы Нұғманова. Арада 20 жыл өткен соң ел анасы атанған Зоя ананың отбасына келіп болып түстім және сол кезде көзіме оттай басылған анамын құлағындағы сол сырғаны маған «Келінім, енді сен осы шаңырақтың ұйтқысың, мен осы сырғаны саған берейін» – деп сыйға тартқанынан маған жауапкершілік артатынын түсіндім.

## Хабарламалар

«ПетроҚазакстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазакстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-08-02) «Қарабұлақ кенішінде №20, 21, 22, 32, 39, 41, 47 ұңғымаларды электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

«ПетроҚазакстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазакстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-13-01) «Қарауанчи кенішінде мұнай жинау жүйесі, №40,41 ұңғымалардан аралық құбырлар тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

«ПетроҚазакстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазакстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-08-01) «Қарабұлақ кенішінде мұнай жинау жүйесі, №20, 21, 22, 39, 41, 47 ұңғымаларынан аралық құбыр

лар тарту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертудерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертудер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазакстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ (17-25) «Қызылқия кенішінде мұнай жинау бекетін жаңғырту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертудерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертудер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазакстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ (19-08-01) «Қарабұлақ кенішінде мұнай жинау жүйесі, №20, 21, 22, 39, 41, 47 ұңғымаларынан аралық құбыр

лар тарту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертудерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертудер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазакстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ (19-08-01) «Қарабұлақ кенішінде мұнай жинау жүйесі, №20, 21, 22, 39, 41, 47 ұңғымаларынан аралық құбыр

лар тарту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертудерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертудер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы

## «2019 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 24 сәуірдегі №1373 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «2019 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 24 сәуірдегі №1373 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6777 нөмірімен тіркелген, 2019 жылғы 26 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген қаулыммен бекітілген 2019 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерінде:

қазақ тіліндегі мәтінде «Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы» бөлімінде реттік нөмірі жетінші жолға өзгеріс енгізілсін, орыс тіліндегі мәтін өзгеріссіз қалдырылсын:

«7. Ірі қара малды союмен және етін бастапқы оңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындардың

сиыр етін дайындау құнын арзандату (2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады) өндірілген сиыр етінің киллограммы 175»;

«Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы» бөлімінде реттік нөмірі алтыншы жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 6. Сүтті бағыттағы аналық бастың азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату\*/\*\* бас 180000 1200 216000»;

«Барлығы» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

« Барлығы x x x 2025521 ».

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулымды туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулымның орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Б. Намаева жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі К. Кошербаев.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

## Қызылорда қаласының аумағындағы кәсіпкерліктің кейбір түрлерін айналысатын салық төлеушілері үшін салық салу объектісінен алынатын тіркелген салықтың ставкаларының мөлшерін бекіту туралы

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексіне және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қызылорда қаласының аумағындағы кәсіпкерліктің кейбір түрлерін айналысатын салық төлемгерлері үшін салық салу объектісінен алынатын тіркелген салықтың ставкасының мөлшерін бекіту туралы;

2. «Қызылорда қаласының аумағындағы кәсіпкерліктің кейбір түрлерін айналысатын салық төлеушілері үшін салық салу объектісінен

алынатын тіркелген салықтың ставкаларының мөлшерін бекіту туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының «2015 жылғы 16-шы сәуір» №42/3 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2015 жылдың 19 мамыр №4983 тіркелген, «2015 жылғы 16 мамыр» «Қызылординские Вести» газетінде, «2015 жылғы 16 мамыр» «Сыр бойы» газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Қалалық мәслихаттың кезекті сессиясының төрағасы Қалалық мәслихат хатшысы

Жоба

2019 жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ шешіміне қосымша

Қызылорда қаласының аумағындағы кәсіпкерліктің кейбір түрлерін айналысатын салық төлемгерлері үшін салық салу объектісінен алынатын тіркелген салықтың ставкасының мөлшері

р/с №	Салық салу объектісінің атауы	Айналысатын салық бірлігіне тіркелген салықтың ставкаларының мөлшері (Айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтысыз ойын аппараты	3
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтысыз ойын аппараты	5
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	2
4	Ойын жолы	13
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	10
7	Айырбастау пункті	25

## Жоғары оқу орнына түсуші талапкерлер назарына!

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті 2019-2020 оқу жылына шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының келесі топтарына: B004 – Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау (Бастапқы әскери дайындық мамандығы), B005 – Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау (Денешынықтыру және спорт мамандығы), B006 – Музыка мұғалімдерін даярлау (Музыкалық білім мамандығы), B007 – Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау (Бейнелеу өнері және сызу, Кәсіптік оқыту мамандықтары), B025 – Дәстүрлі музыка өнері (Дәстүрлі музыка өнері мамандығы), B028 – Хореография (Хореография мамандығы), B031 – Сән, интерьер дизайны және өнеркәсіп дизайны (Дизайн мамандығы), B042 – Журналистика және репортер ісі (Журналистика мамандығы) оқуға түсуші талапкерлерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін 2019 жылдың 20 маусым мен 7 шілде

аралығында құжаттар қабылдайды.

Талапкерлер қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттың (түпнұсқа);
- 2) 3x4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосуретін;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 4) ҰБТ сертификаттың (бар болса);
- 5) спорттық разрядтар және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесін (бар болса).

Қабылдау комиссиясының мекен-жайы: 120014, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 66. Тел.: 23-53-92.

Маршруттар: №6, №5, №8, №9, №10, №11, №12, №13, №17, №18, №20, №21, №22, №31. Аялдама: Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың 5-оқу ғимараты.

(ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінен 2012 жылдың 11 желтоқсанында №12019394 лицензиясы берілген)

## Іздеу салады

Қызылорда қаласы, Батырбаев көшесі №2 үй, 9 пәтердің тұрғыны болған, 1942 жылдың 29 қазанында туылған Нысанали Жетісбаевты 2008 жылдың қазан-қараша айларынан бастап хабар-ошарсыз кетуіне байланысты қызы Жетісбаева Айнуір Нысаналиевна іздеу салады.

Қызылорда қалалық сотының 2019 жылдың 7 маусымдағы ұйғарымымен хабарландыру жарияланған күнінен бастап 3(үш) ай мерзімі ішінде көрген-білген кісілер болса, мына телефонға хабарласуын сұраймын: 8 777 303 18 19.

Қызыл



# Көрме көпке серпіліс берді

Олай дейтіміз, Нұрсұлтан Әбішұлының шексіз еңбегін насихаттайтын көрмені 130 мыңнан астам облыс және Байқоңыр қаласының жұртшылығы қызығушылықпен тамашалады. Бүгінде әлем елдерімен терезесі тең тұрған мемлекет екенімізді мақтанып айтатын дәрежеге жеттік. Азуын айға білген мемлекеттер тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың айтқанымен санасатын болды. Бір ғана мысал, былтыр Елбасы Америка Құрама Штаттарының президенті Дональд Трамппен кездескенін сіздер жақсы білесіздер. Ең қуатты мемлекеттің басшысы Д.Трамп баспасөз конференциясында Н.Назарбаев сияқты кеменгер басшыны тану Америка жұртшылығы үшін де үлкен құрмет екенін атап өткені есімде. Ақ үйдегі екіжақты кездесуде жаһандық қауіпсіздік, аймақтық тұрақтылық, экономикалық қатынас, энергетикалық мәселелерге ерекше көңіл бөлінуі, Қазақстанның Орталық Азиядағы емес, жалпы жаһандық қауіпсіздікте бейбітшілік мәселелеріндегі ролін көрсетті. Тәуелсіздігімізді төрге шығарып, еңсемізді тіктеген Қазақстан мемлекетінің іргетасын қалап, әлемге мойындатқан Елбасы ұлттық болмысынан ажырағалы тұрған халықты тұғырға қондырды. Бүгін мұның бәрі қазақ халқының төл тарихына айналып, алды ерлермен жазылуда, – деді Қырымбек Елеуұлы. Өңір басшысы қызылордалықтардың шынайы ықыласы жазылған хатын ҚР Тұңғыш



Президенті-Елбасы кітапханасының директоры Әмірхан Мұратбекулына табыстап, Елбасы кітапханасының ұжымына мәдени мұраларды жүйелеу, тарихи құндылықтарды сақтау және халыққа рухани тәрбие берудегі қызметтеріне шығармашылық табыс тіледі. Шара барысында Әмірхан Рахымжанов Қызылорда облысының тарихи және мәдени мұраға бай, еліміздің оңтүстігіндегі экономикалық және стратегиялық маңызы бар өңір екенін атап өтті. – Сыр аймағының республикамыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосып жатқан үлесі қомақты. Менің ойымша, өңірдің тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістіктері, біріншіден, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың өңірлік даму стратегиясына тікелей байланысты. Елбасымыз белгілеген міндеттерді сапалы орындау мақсатында өңірдің барлық әлеуетін жұмылдыра білуінде, – дей келе, облыстың қарқынды дамуына аянбай қызмет етіп жүрген ел азаматтарына, мұражай қызметкерлеріне және тұрғындарға алғыс білдірді.

Төрт бөлімнен тұратын көрменің алғашқы кезеңі «Елбасы жолы» деп аталады. Онда Н.Назарбаевтың мектеп жасындағы, жастық шағындағы, комсомол, партия және мемлекеттік қызмет атқарған уақыттағы құжаттары қойылған. Екінші «Елбасы феномені» бөлімінде Тәуелсіздік жылдарындағы тарихи маңызды шешімдер және бастамалармен танысуға болады. Ал «Әлем таныған Елбасы» бөлімінде келушілер шет мемлекеттер мен үкімет басшылары тапсырған дипломатиялық сыйлықтарды тамашаласа, «Елбасы мәртебесі – ел мәртебесі» бөлімінде әлем елдерінен Қазақстанның Тұңғыш Президентіне берілген жоғары марапаттарды көріп сүйсіні. Экспонаттар арасында сирек кездесетін мұрағаттық құжаттар, фото-бейнематериалдар, Елбасының хаттары да көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Көптеген келушілер көрмедегі экспозициялардың заманауи интерактивті технологиялармен жабықталғанына, экскурсия жүргізушілерінің әсерлі баяндағанына риза болды.

Суретті түсірген: Бағдат ЕСЖАНОВ.

1-бет

Жұматали Әбдіраман – тек Сыр өңіріне ғана емес, республика көлемінде де кеңінен танымал журналист. Еңбек жолын Сырдария аудандық «Сырдария» газетінде әдеби қызметкер болып бастаған қаламгер осы басылымның жауапты хатшысы қызметін атқарып, одан кейін облыстық телерадиокомпанияда редактор, телекомментатор, бас редактор болып жалғастырды.

## Әріптес мерейі



Оның ұйымдастырушылық қабілеті Арал аудандық «Толқын» газеті баспасының бас редактор-директоры қызметін атқарған кезеңде жаңа қырынан көрінгені әріптестері жақсы біледі. Осыдан кейін облыс орталығында «Қызылорда» газетінде редакторлық етті. Бұдан соң тәжірибесі толысқан, қарымды журналист аймақтың ата басылымы «Сыр бойында» өз қолтаңбасымен көрінді. Кәсіби журналист ретінде қоғамдағы қайшылықтарды, әлеуметті толқандырған өзге де өзекті тақырыптарды көтеріп, айқын көзқарасымен танылды. Әсіресе жанына жақын Арал тақырыбын тереңдете жазып,

оның өткені мен бүгін, қайта оралған теңіз тынысын халыққа жеткізуге асықты. «Сыр бойында» бөлім меңгерушісі, бас редактордың коммерция жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған ол газеттің бас редакторы болып тағайындалғаннан кейін бұл қызметте де абырой биігінде болды. Басылымда алдыңғы толқын қалыптастырып кеткен жақсы дәстүрлер сабақтастықпен жалғасын тапты. Баспасөз саласындағы көп жылғы жемісті еңбегі үшін ҚР Ақпарат министрлігінің, Қазақстан Журналистер одағының, облыстық Құрмет грамоталарымен марапатталып, «ҚР Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісінің иегері атанды. Міне, енді осы марапаттар қатары тағы да толысқаны туралы жақсы жаңалық жетіп отыр. Жұырда қарымды қалам иесі Ж.Әбдіраман Қоғамдық марапаттар жөніндегі республикалық кеңестің шешімімен баспасөзге сіңірген еңбегі үшін «Қазақ журналистикасының қайраткері» медалімен марапатталды. «СБ» ақпарат.

### КӨЗАЙЫМ



**«Мұңмен алысқан адам»**  
Жазушы-драматург Жолтай Әлмашұлының «Мұңмен алысқан адам» драмасы Түркістан қаласында сахналанды. Автордың жаңа шығармасын Райымбек Сейтметов атындағы Түркістан сазды-драма театрында Қостанай облыстық І.Омаров атындағы қазақ драма театры қойды. Аталған шараға шаһар көрермендерімен қатар, облыс әкімінің орынбасары Мәлік Отарбаев пен шығарма авторы Жолтай Әлмашұлы да қатысты.

Кіндік қаны тамған жерін ансамбльмен қазақ болушы ма еді, тағдыр талайымен кешегі қиыншылық күндері кімдер елінен жырақтап, қиырға кетпеді дейсіз?! Әсіресе, мың өліп мың тірілген қазақ халқының басына түскен ауыртыпалық пен нәубет күндері әлі ұмытылмақ емес. «Бай-құлақ» деп құғындалған бақуатты жандар шыбын жанын аманаттан, Қытай асты, Ауғанды паналады, Түркияға барып тасаланды. Тәуелсіздік алған елімізге сағыныш аркалап келіп қауышып, оралман атанып жүргендер де сол кешегі қандастарымыздың ұрпағы. Соңғы жиырма жыл көлемінде өте өнімді еңбек етіп жүрген жазушы-драматург Жолтай Әлмашұлы, міне, осы тақырыпты нәзік тұсынан қозғайды. Кешегі аласаңыраңда Франция жерін паналаған Асан онда жақсы өмір сүргенімен, үнемі ойынан туған елін шығара алмайды. Жалындаған жастығы өтіп, жер тірегін қарттыққа жеткенде «Япырай, туған жерімнің топырағына шынымен табаным бір тимей кете ме?» деген уайымы ұлғая түседі. Шетте туып, жат болып өскен ұлдарына қарттың қайғысы қабырғаларына бата қоймағанына қайран қала алмайсыз. Осылай жылдар өте береді. Алайда, Жаратушының жібіткені шығар, кіші ұлы Елжан екенін туған елімен қауыштыруға бейбиді болады. Қойылым соңына қарай тартысты оқиға тіпті ширығып, нанымды суреттелгенін болар, театрда көзіне жас алып отырған көрермендер қатары өзімізді де ерте кеткендей.

– Қарттың жағдайы жан дүниеме барынша қатты әсер етті. Демімді ішіме алып, енді не болар екен деп шырғытып отырдым. Бұл спектакльді тереңірек түсінуіме өзімнің де бірнеше жыл бойы жақын шетелде тұрғандығымын әсері де тиген шығар, дегенде, драматург жақсы дүниені жазған, ал Қостанай облыстық драма театрының әртістері өте нанымды ойнап, шеберлік көрсетті, – дейді Түркістан қаласының тұрғыны Сейдахмет Назарбаевтың өз әсерімен бөлісіп.

«Жазушы бұл шығармасында ұрпақ, ел мәселесін көтереді. Аталған шығарманы қасиетті Түркістан жерінде сахналаған І.Омаров атындағы қазақ драма театрының талантты актерларына түркістандық көрермендер атынан шексіз алғысымыз білдіреміз», – деді қойылым соңында сөз алған облыс әкімінің орынбасары М.Отарбаев. Сондай-ақ, ол облыс әкімі Әмірзақ Естайұлының атынан Ж.Әлмашұлының иығына шапан жапты.

Шара соңында шығарма авторы «Мұңмен алысқан адам» қасиетті мекен Түркістан өссе, көркейсе екен деген бала күнгі арманнан туған шығарма екенін айта келе, ықыласпен тамашалаған көрермендерге ризашылығын жеткізді.

Н.НАЗЫМХАНУЛЫ. Түркістан қаласы.

### БАСТАМА

## Түлектердің туған жерге тартуы

Сырдария ауданы Қоғалықол ауылындағы №44 орта мектепті 1999 жылы бітірген түлектер туған жерге тарту жасады. Ауылға кіреберіс қақпа орнатып, ауыл ажарын айшықтай түсті. Дәулет ҚЫРДАН.

– Биыл – мектеп бітіргенімізге 20 жыл. Осы уақыт ішінде ер жеттік, есейдік, әрбірміз өз орнымызды таптық. Аяққа тұрған соң «Туған жерге қандай пайдам тиді?» деген сұрақ қойдық өзімізге. Нәтижесі міне. Әрбірміздің кіндік қанымыз тамған қасиетті мекенге осылай қол ұшын созып, өркендеуіне үлес қосымыз – перзенттік парыз. Бізден кейінгі жастарға да осы бастама дәстүрге айналатынына сенеміз, – дейді Жәнібек Ермаханов.

Теніз тамшыдан құралады. Кіреберіс қақпаны салу үшін түлектер өзара ұйымдасып, ортадан қаржы шығарып, бұл ауылдың басқа да жастарына үлгі болды. Әрбір жылы мерейлі дата иелері осындай игі істерді туып-өскен ауылына арнамақ.



Сырдария ауданы.

## Суретшілер симпозиумда бас қосты

«Сырдағы галерея – Қазақстанның үздік суретшілерінің ордасы. Мұнда қазақтың тұңғыш суретшісінен бастап, бүгінде елге аты мәлім өнер иелерінің туындылары қойылған». Мұндай пікір С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында өткен «Аға ұрпақ өнері – жастарға аманат» атты халықаралық симпозиумда айтылды. Аталған шараға атандық өнер иелерімен бірге Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей тәрізді көршілес мемлекеттің қылқалам шеберлері қатысты.

Шара талантты жастарға қолдау көрсетіп, бейнелеу өнері саласындағы еңбек сіңірген қайраткерлер мен жас суретшілердің басын қосып, өзара тәжірибе алмасуды көздейді. Сонымен қатар, ұйымдастырушылар салада жаңаша көркем формаларды іздеуді ойға алған. Қазақстан Суретшілер одағы облыстық филиалының төрағасы Амангелді Кененбаев Сырдағы симпозиумды мақсаты жағылы айтып өтті.

Шетелдік суретшілер қазақ халқының қонақжайлылығы мен мәдениетке өзгеше көзқарасын тілге тиек қылды. Әсіресе, бейнелеу өнерінде атақты Қожықовтар салған суреттеді сөз етті. Ал саланың бүгінгі майталмандары Иасауи Ағытаев, Қайырбай Зәкіров тәрізді аға буынның жастарға үйретері мол.

– Мен Қырғызстаннан келдім. Сырдария, Түркістан сөздеріне құлағымды қанық. Қазақ пен қырғыз – ағайынды халық. Қанша ұлт пен ұлыс қойылып кетсе де, біз қос мемлекет – өз мәдениетіміздің мәйегін ұлықтаған еліміз. Ұжастығымыз – мәдениетімізде. Түркілердің ұлттық құндылығы ешқашан өшпейді, – деді

қырғызстандық суретші Урмаг Серенов.

Ал Ресей көркем академиясының қызметкері Сергей Секирин халықаралық деңгейдегі шараға қоліле көп нәрсе түйіп, тәжірибе алмасу үшін келгенін айтады.

– Ұйымдастырушыларға алғыс білдіремін. Меніңше, мұндай шараға аталғанына тәжірибе айтамын. Қанша суретшінің басын қосып отыр. Білмейтіміз көп сөзбен емес, суретпен сөйлейміз. Сондықтан, мұндағы сезіміміз бен көңіл толықнысымыз Қорқыт кешені мен Қамбаш көлінде салатын суретімізден көрінер, – деді ол.

Симпозиумға қатысатын 20 суретші Сыр табиғатын қылқаламға арқау етіп, өз өнерлерін көрсетпек. Ол үшін Қорқыт ата кешені мен Қамбаш көліндегі табиғи жағажай таңдалып отыр.

Аян СПАНДИЯР.

## Ел ықыласына бөленген дәрігер

Халық денсаулығының мықты болуы – еліміздің медицина саласында еңбек етіп жүрген дәрігерге байланысты екендігі мәлім. Осы ретте еліміздің денсаулық сақталуына еңбек етіп, халықтың алғысына бөленген білікті дәрігер Қалам Басхожаевтың онегілі істері тоңірегінде сөз қозғағанды жөн көрдік. Сырқат жанның дертіне дауа, еміне шипа таба білген жан бүкіл саналы ұмырын халық денсаулығын сақтап, салауатты өмір салтын қалыптастыруға арнаған. Жемісті еңбек еткен маманның медицина саласының дамуына қосқан үлгі зор.

Айсауле ҚАРАПАЕВА.

Еңбек жолын 1969-1971 жылдарда Жаңақорған аудандық аурухананың балалар бөлімі меңгерушілігінен бастаса, одан кейін осы салада түрлі қызметтер атқарды. Ал 1985 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейінгі аралықта Жаңақорған аудандық туберкулезге қарсы күрес ауруханасының бас дәрігері болды. Басшылық қызметте жүргенде стационарлық, амбулаториялық емдеу, егу, аурудың алдын алу шараларындағы жұмыстарды бір ізге түсірді. Соның нәтижесінде науқастардың саны азайды. Жақын жұмыс көрсеткіштеріне жеткені үшін аурухана ұжымы 1987-1990 жылдарда «Коммунистік екпінді еңбек ұжымы» атағын алды. Ал 1990-1991 жылдар аралығында ескі әскери бөлім үйлерін күрделі жөндеуден өткізіп, 3 гектардай аула үшін әртүрлі жеміс ағаштары мен гүлдерге көмкеріп, науқас жандарға қолайлы жағдай жасады. Ауруханаға жаңадан «Рентген-30», флюорограф аппараты, жылжымалы электронды флюорографиялық машинасы, тағы басқа заманауи аппараттар алынды. Аурухана ұжымы туберкулезге қарсы күрес жұмысындағы көрсеткіштері бойынша облыстың алдыңғы сапында болып келді.



Білікті дәрігердің ел алдындағы еңбегі елеусіз қалмады. Өз ісіне ұқыптылығы мен адалдығының арқасында әріптестерінің ортасында абыройлы болды. Зейнеткерлікке шыққан соң да аудан көлеміндегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, елдің ауызбірлігі мен жастарды салт-дәстүрімізді құрметтеуге шақырудан жалыққан емес.

Тәжірибелі дәрігер көпжылдық жұмысында бірқатар марапатқа қол жеткізгенін айта кетейік. Ол «СССР Медицина ісінің үздік қызметкері», «Еңбек ардагері», «ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл» медалі мен Жаңақорған ауданының «Құрметті азаматы», Жұырда ол туған жерге Нұр-Сұлтан қаласынан келді. Жәй емес, облыстық денсаулық сақтау басқармасы оны «Алтын дәрігер» төсбелгісімен марапаттады. Ал мамандығына жан дүниесімен берілген білікті дәрігер үшін марапаттың төресі – ол халықтың шынайы ықыласы екені рас. «Ақ халатты абзал жан» деген елдің құрметті атағы ең биік әрі қасиетті ұғым болып қала бермек.

www.facebook.com/syrboyki.z / https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

**Меншік иесі**  
**СЫРМЕДИЯ**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**БАС ДИРЕКТОР**  
**Аманжол ОҒАРБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

**БАС РЕДАКТОР**  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициқталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А». e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 29259 Тапсырыс №918 Кезекші редактор Фазиза ӘБІЛДА.